

**"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Тараз қаласының білім бөлімі"**

080000, Тараз қаласы, Қолбасшы Қойгелді көшесі, №190, тел:54-93-92, gor_mk@mail.kz



Мекеме басшыларына!

Жамбыл облысы әкімдігінің 2025 жылғы 8 шілдедегі №147 қаулысымен «Жамбыл облысында 2025 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын және ата-ананың төлем ақысының мөлшерін бекіту туралы» жамбыл облысы әкімдігінің 2025 жылғы 20 қаңтардағы №11 қаулысына өзгерістер енгізілгендігін хабарлайды.

Қазіргі таңда азық-түлік бағасының көтерілуіне байланысты, бекітілген сома «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілерді тамақтандыру барысында «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 17.02.2022 жылғы №ҚР ДСМ-16 бұйрығына сәйкес келмейді, өйткені тәрбиеленушілерді тамақтандыру нормаларының сақталуына, тамақтану сапасын арттыруына жеткіліксіз.

Осыған орай, Тараз қаласы бойынша меншік нысанына қарамастан барлық мектепке дейінгі ұйымдарда 2025 жылдың 1 тамызынан бастап, жоғарыда аталған қаулыны басшылыққа ала отырып жұмысын жүргізу қажет екендігін ескертеді.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына жоғарыда аталған қаулының толық көлемде орындалуын қамтамасыз ету мен өзгерістер бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және ақпараттандыру шараларын жүргізу міндеттеледі.

Бөлім басшысының м.а



Г. Малибекова

Орындалады: Г. Естаева
Тел.: 8(7262) 54-74-63
Эл.пошта: ddu9kab@mail.ru